

Өмірбаяны

Алтынбеков Қуаныш Сағатұлы, 14 қазан 1982 жылы Павлодар қаласында дүниеге келген. 1999 жылы «Стикс» мектебін тәмамдаған, сол жылы Семей мемлекеттік медициналық академиясына түсіп, оны 2005 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Семей мемлекеттік медицина академиясында интернатураны тәмамдаған. 2008 жылы Ресей Медициналық Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесінің Томск ғылыми орталығының психикалық денсаулық ғылыми-зерттеу институты мемлекеттік мекемесінің аспирантурасын аяқтаған. Медицина ғылымдарының кандидаты. 2008 жылы Еуразия инновациялық университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2017 жылы В.М. Бехтерев атындағы Психиатрия және неврология ұлттық медициналық зерттеу орталығында «Стационар жағдайында шизофрениямен ауыратын науқастарға психиатриялық көмекті оңтайландыру (клиникалық-терапевтік, ұйымдастырушылық және фармакоэкономикалық аспектілер)» тақырыбында медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғаған. Санкт – Петербург қ., Ресей. 2020 жылы «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» АҚ - Денсаулық сақтау магистрі атағын иеленген. 2023 жылғы қазаннан бастап ассоциациялық профессор

2009 жылдың қаңтарынан бастап Астана қаласының «Психикалық денсаулық проблемалары медициналық орталығы» КМҚК дәрігер-психиатр болып жұмыс істеді. 2009 жылдың сәуірінен бастап Астана қаласының № 4 «Психикалық денсаулық проблемалары медициналық орталығы» КМҚК бөлімше меңгерушісі болып тағайындалды. 2009 жылғы 14 қыркүйектен 2011 жылғы 10 мамырға дейін Астана қаласының «Психикалық денсаулық проблемалары медициналық орталығы» КМҚК директорының ұсынылатын қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары лауазымын атқарған. 2011 жылғы 10 мамырда Алматы қаласының «Психикалық сауықтыру орталығы» КМҚК бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. 2012 жылғы 18 шілдеде өз еркімен жұмыстан босатылды. 2012 жылғы 30 шілдеден 2013 жылғы 07 наурызға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК ғылыми зерттеулер менеджменті қызметінің аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 2013 жылғы 07 наурыздан бастап Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Психикалық сауықтыру орталығы» КМҚК бас дәрігері болып тағайындалды. 2016 жылғы 12 желтоқсан мен 2017 жылғы 21 мамыр аралығында С.Д.Асфендияров

атындағы ҚазҰМУ психиатрия және наркология кафедрасының ассистенті болып жұмыс істеді. 2017 жылғы 21 мамырдан бастап ҚР ДСМ ШЖҚ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» РМК бас директорының клиникалық және ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы болып, 2017 жылғы 21 тамыздан бастап лауазымына тағайындалды. 2021 жылғы қыркүйектен бастап бас директордың міндетін атқарушы, 2021 жылғы 27 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін бас директор лауазымында қызмет атқарады.

«ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен және «Халық алғысы» медалімен марапатталған.

41 ғылыми жұмыстарының, оның ішінде 19 шетелдік басылымдарда жарияланған, 1 монография, 1 оқу құралының авторы.